

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА «ЕСІМДІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК» ТАҚЫРЫБЫН ӨТУДЕ «БАСҚЫШПА-БАСҚЫШ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.Джаксликова,
Нөкіс МПИ Қазақ тілі және әдебиеті
тәлім бағдары 3 курс студенті

Аннотация. Мектеп оқушыларына есімдік, олардың түрлері туралы түсінік беру, тақырыпты өтуде «басқышпа-басқыш» технологиясының тиімділігі жайлы сөз барады.

Тірек түсінік: есімдік, оқыту технологиясы, әдіс-тәсілдер, тарқатпа материалдар, дағды, біліктілік.

Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алуудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздардың еңшісінде екені айтпаса да белгілі. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала –балқытылған алтын» деген қанатты сөзі бірден ойға түседі. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Сондықтан баланың бойындағы жақсы қасиеттердің болуына, оның жан-жақты дамуына және баладан рухани бай тұлға қалыптастыра білу басты міндетіміз.

Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту керек. Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілеті мол тұлға қажет. Ондай тұлға жалпы орта білім беру арқылы немесе мектеп арқылы даярланады.

Оқушылардың білімін қалыптастыруға, танымдық қабілеттерін дамытуға, пікірлерін емін-еркін айтып, ой түйіндеуге бағытталған технологияның бірі – «Басқышпа- басқыш »технологиясы. Бұл технологияны сабақтарда жеке немесе кіші топтарда тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын сұрау үшін қолдануға болады. «Басқышпа-басқыш» технологиясы оқушыларды еркін, кең тұрғыдан пікірлеуге, ұжым, топ болып ізденуге, пікірлерін жүйелеп бір ізге түсіруге, дұрыс қорытынды жасай білуге баулиды.

Өз сабағымда бұл технологияны «Қазақ тілі» пәнінде «Есімдік туралы түсінік» тақырыбын оқушыларға меңгерту және алған білімдерін пысықтау, үй жұмысын сұрауда қолданып келемін.

Есімдік сөздерді топтастырудың белгілі жүйеге түсіп қалыптасқан негізгі үш принципіне сай, қазақ тіліндегі есімдіктер де лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық ерекшеліктері және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы болып табылады. Есімдіктердің мағыналары тым жалпы

болғанымен, ол мағыналар түптен келгенде зат және заттық белгі деген ұғымдармен ұштасып, жалпы зат не заттық белгі деген ұғымдарды білдіріп, сол ұғымдардың жалпы түрдегі атауы болып келеді. Сондықтан да олардың осы заттық белгісі деген ұғымдарды жалпылама болса да, бойына сақтау қасиетіне байланысты, есімдіктер атауыш сөздер қатарына жатқызылады.

Есімдіктер тобына жататын сөз табының бірі – есімдіктер. Есімдіктер заттың атын, санын, сынын я олардың аттарын білдірмейді, бірақ олардың орнына жұмсалады. Есімдіктер белгілі бір түсінікті я ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді.

«Басқышпа-басқыш» технологиясын өткізу тәртібіне тоқталып өтсек.

Технологияның сипаттамасы: Осы жаттығу оқушыларды өтілген немесе өтілуі тиіс болған тақырып бойынша жеке немесе кіші топтарға бөліп, пікір жүргізу және есте сақтау, меңгерілген білімдерін еске түсіріп, топталған пікірлерді жинақтап және оларды жазба, сурет, сызылма көрінісінде түсінуге үйретеді. Бұл технология оқушылармен бір топ ішінде жеке және топтарға ажыратылған көрінісінде жазба тәрізде өткізіледі.

Технологияның мақсаты: Есімдік туралы жан-жақты мәлімет беру, ерекшеліктерін түсіндіру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзгенің пікірін тыңдай біліп, өз пікірін дәлелдеуге машықтандыру.

Технологияның қолданылуы: сынып оқушыларына есімдік тақырыбын түсіндіруде жеке тәртіпте немесе кіші топтарда өткізуде қолдану мүмкін.

Жаттығуда қолданылатын материалдар: А-4 форматты қағаздарда есімдіктің мағыналық топтары жазылған тарқатпа материалдар, түрлі түсті қаламдар.

Жаттығудың өткізілу тәртібі:

*есімдіктің мағыналық тобына қарап 3-4 оқушыдан тұратын топтарға бөлемін;

*Жаттығуымыздың мақсаты мен өткізу тәртібі мен таныстырып өтемін. Әрбір топтарға қағаздың сол жағына есімдіктің мағыналық түрлері жазылған қағаздар тарқатамын оң жағына анықтама беру үшін бос орын қалдырамын;

*топ ағзалары тарқатпа материалда жазылған есімдіктің мағыналық топтары мен танысуын және осы есімдікке байланысты білгендерін қалам жәрдемінде қағаздағы бос орынға топ пен бірге пікір жүргізіп, жазып шығуы тиіс болады және уақыт белгіленеді;

ЖІКТЕУ	
--------	--

ЕСІМДІГІ	
----------	--

*топ ағзалары бірге тарқатпа материалда берілген кіші тақырыпты жазба көрінісінде сипаттайды. Мысалы: Белгілі бір заттық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі **жіктеу есімдігі** деп аталады. Жіктеу есімдіктері *мен, сен, ол, біз, сендер, сіздер, олар*. Жіктеу есімдіктерінің үш жағы және жекеше, көпше түрі бар.

*Мұнда топ ағзалары есімдіктің мағыналық топтары бойынша мүмкіндігі болғанынша толығырақ мәлімет беруі керек болады;

ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ	Мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар
СІЛТЕУ ЕСІМДІГІ	

*тарқатпа материалдар толтырылғаннан соң, топ мүшелерінен бір оқушы ұжым атынан шығып презентация жасайды. Әрбір топ мүшесі есімдіктің мағыналық топтарына жалпы сипаттама беріп, олардың қандай сұраққа жауап беретіндігін мысалдар арқылы түсіндіріп өтеді. Егер ұжымда қосымша мәлімет беретін оқушылар болса орнынан тұрып айтады. Толық түсінік берілгеннен соң, топ оқушылары дайындаған материал сынып тақтасына басқышпа-басқыш ілінеді.

ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ	
--------------------	--

СІЛТЕУ ЕСІМДІГІ	
--------------------	--

СҰРАУ ЕСІМДІГІ	
-------------------	--

ӨЗДІК ЕСІМДІГІ	
-------------------	--

ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІГІ	
----------------------	--

БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕСІМДІГІ	
-------------------------	--

БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІ	
-------------------------	--

*кіші топтардың пікірлері мен қорытындыларына тоқталып, барлық пікірлерді жинақтап, оларды бағдарламашам тәсілінде бағалаймын және жаттығуды сұрақ-жауап тәсілінде аяқтаймын.

Қорытынды. Есімдік туралы түсініктері қалыптасады, есімдіктердің ерекшеліктерін біледі. Сын тұрғысынан ойлау арқылы тапсырмаларды орындауға талпынады, ынтымақтастық атмосферасында жұмыс істеуге тырысады.

Қазіргі инновациялық технологиялар- білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайлану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымды жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, өзін-өзі өзектендіру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскелігін, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді. Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайлану керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ишмұхаммедов Р, Абдуқадилов А, Пардаев А. Тәълимда инновацион технологиялар. Ташкент-2008. 36-бет.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы -1991.
3. Исабаев А, Исаев С, Дәулетбекова Ж, Нишанова Г. Қазақ тілі 6. Ташкент-2013